

Р.Ө. Досымбекова¹, А.Р. Ибраимова^{1*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru

«ЭТИКЕТТІҢ / 礼貌» ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ МАҚАЛДАРЫНДАҒЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. Мақалада қазақ және қытай мақалдарында қолданылатын сыпайылық әдебінің болмысы, қарым-қатынас этикасының ерекшеліктері, халық мәдениетінің шығу тарихы, қазақ және қытай халықтарының ұлттық дәстүрінің принциптері сипатталған. Сонымен қатар, «сыйластық», «қадір-қасиет», «алғыс», тақырыбындағы даналық сөздердің қолданылуы қарастырылған. Мақалада қазақ және қытай қоғамындағы әдептің дәстүрге сай үйлесімділікке негізделгені, адамдардың бір-біріне сыйластық пен құрмет көрсетуінің негізгі принциптер мен заңдылықтарға негізделгені сөз етілген.

Мақалдардың пайда болу тарихы әртүрлі. Осыған орай, діні бөлек халықтардың алғыс айту, сыйластық, түсіністік көзқарасы, көңіл бөлу т.б. сөздерінің этномәдени және рухани-мәдени ұқсастықтары мен айырмашылықтары сипатталған.

Қазақ және қытай халықтарының ежелден қалыптасқан тарихы мен өскен ортасы күні бүгінге дейін халық даналығымен, өмір салтымен, тұрмысымен және қоғамның мінез-құлқымен тығыз байланысты. Себебі, «сыпайылық» тақырыбындағы қанатты сөздер сол елдердің ішкі факторларымен тығыз байланысты және және қазақ және қытай халықтарының отбасын, елді басқару негіздері, үлкенге құрмет, кішіге ізет принциптері бүгінгі күнге дейін жетіп, мемлекет пен қоғамдағы роліндегі маңызының зор екендігін көрсетеді. Мақалада этикет тақырыбындағы мақалдардың ата-баба салты мен тәжірибесін қамти отырып, болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орнына байланысты мысалдар келтірілген.

Тірек сөздер: этикет, этнолингвистика, коммуникация, адресат, эволюция, менталитет, психология.

Р.О. Досымбекова¹, А.Р. Ибраимова^{1*}

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР «ЭТИКЕТА / 礼貌» В КАЗАХСКИХ И КИТАЙСКИХ ПОСЛОВИЦАХ

Аннотация. В статье описаны особенности этики вежливого обращения, используемые в казахских и китайских пословицах, рассмотрены история происхождения народной культуры, принципы национальной традиции казахского и китайского народов, исследованы употребление слов тематического ряда «уважение», «достоинство», «благодарность». В статье показаны этические нормы вежливого обращения, используемые в казахском и китайском обществе с учетом гармонии с национальными традициями, уважением людей по отношению к друг к другу, основанные на речевых принципах и законах.

История появления пословиц и их применения разнообразна. В данной статье также описываются этнокультурные и духовно-культурные сходства и различия выражений благодарности, уважения, взаимопонимания, внимания и т.д. казахских и китайских пословиц, отражающих отнесенность к разным религиям.

Давно сложившаяся история и среда обитания казахского и китайского народов до сих пор неразрывно связаны с народной мудростью, образом жизни, быта и поведения общества. Так, крылатые слова на тему «вежливость» тесно связаны с внутренними факторами исследуемых стран и говорят о том, что основы управления семьей, страной рассматриваемых народов, принципы уважения к старшим, уважения к младшим дошли до наших дней и имеют большое значение в жизни государства и общества. В статье авторами приводятся примеры, связанные с употреблением пословиц на тему этикета, учитывающие национальные обычаи и традиции, занимающие важное место в воспитании будущего поколения.

Ключевые слова: этикет, этнолингвистика, коммуникация, адресат, эволюция, менталитет, психология.

R. Dossymbekova¹, A. Ibraimova^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru

ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF «ETIQUETTE / 礼貌» IN KAZAKH AND CHINESE PROVERBS

Abstract. This paper describes the essence of courtesy Ethics in Kazakh and Chinese proverbs, the connection of the history of origin with folk culture and traditions, and the originality and principles of national traditions that are inherent in the people. There have been explored the thematic series of «*respect*», «*dignity*» and «*gratitude*». The study emphasizes that ethics in Kazakh and Chinese society is based on basic verbal principles and laws in accordance with the national traditions and respect relations with each other.

The history of the origin and the usage of Proverbs are diverse. In this regard, the study describes the ethnocultural and spiritual cultural similarities (gratitude, respect, understanding, attention, etc.) of the manifestation of relations between the Kazakh and Chinese peoples, which differ in religion and mentality.

The long-established history and the habitat of the Kazakh and Chinese peoples are still inextricably linked with folk wisdom, lifestyle, and behavior in society. So, the proverbs and sayings on the topic of *politeness* are closely related to the internal factors of these countries, the principles of the management of the families, the countries, and the principles of respect for the older and the younger have survived to this day and are of great importance in the role of the state and society. The paper contains examples of proverbs on the topic of *etiquette* related to the place they occupy in the upbringing of future generations, covering the customs and practices of ancestors.

Keywords: etiquette, ethnolinguistics, communications, addressee, evolution, mentality, psychology.

Кіріспе

Қоғамдағы адамзаттың мінез-құлқын, ділі мен дінін, ұлттық дәстүрін сипаттаудың лингвистикалық және семиотикалық процедураларын қолданудың ықпалымен жаңа перспективалар ашылууда. Қазақ және қытай халықтарының даму тарихы ежелде пайда болғанымен, екі халықтың өмір сүру салты ұстанымдары әртүрлі. Қазақ халқы дала мәдениеті мен көшпенділік салтынан қалыптасқан ата-баба дәстүрін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырса, қытайлықтар Конфуций енгізген философиялық заңдылықтарды әлі күнге дейін ұстануда. Ал, дәстүр – кез келген ұлттың бойына сіңген принциптері мен заңдылықтарына сүйеніп, дамып отыратын құбылыс. Сондықтан, әрбір халықтың мәдени мұрасы – этикет тақырыбындағы мақал-мәтелдерінің пайда болу тарихы көзінің қарашығындай сақталып қана қоймай, әрі қарай жалғастырылуы тиіс.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың нәтижелі болуы сол қоғамда қалыптасқан сөйлеу деңгейімен, ұлттың мәдениетімен, адамдардың әдеп деңгейімен тығыз байланысты. Осыған орай, шет мемлекеттегі өзге ұлт өкілдерімен тілдік қарым-қатынасқа түсу үшін сол ел халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жақсы білудің маңыздылығы тақырыпты зерттеу өзектілігін айқындайды.

Қазіргі таңда Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасындағы саяси, экономикалық, мәдени, әскери, дипломатиялық қарым-қатынастар белсенді түрде дамуда. Ал, екі жақты келісім-шарт пен сұхбаттасудың нәтижелі және табысты болуы тілдік этикет формаларын дұрыс қолдануға тікелей байланысты. Мақал-мәтелдердің шығуы сол халықтың пайда болу тарихымен тығыз байланысты. Ал, этностың тілдік тарихын зерттейтін этнолингвистика саласының құрылымы әртүрлі қазақ және қытай тілдеріндегі мақалдарының ұлттық дүниетанымы мен дәстүрі, діл мен әдеп тұрғысынан зерделейді. Қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикеті тақырыбындағы мақал-мәтелдерді жан-жақты қарастыру сол этностың дүниетанымына байланысты болуы себебінен халықтың салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары берілген мәдени мұраларда айқын көрініс табады. Сол себепті, сөйлеу этикетіндегі сол халыққа тән заңдары мен ережелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу жұмыстың өзектілігін арттырады.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында қазақ және қытай тілдеріндегі «*сыйластық*», «*қадір-қасиет*», «*алғыс*» тақырыптарындағы сыпайылық әдебіне негізделген мақалдардың ерекшеліктеріне байланысты талдау, сипаттау, тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы және эмпирикалық және әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Этикет сөзін этностың даму тарихынан бөліп қарастыру мүмкін емес. Сөйлеу этикеті туралы көптеген ғалымдар өз көзқарастарын білдірген. Ресей ғалымы Н.И. Формановская этикетті ұлттың қайталанбас белгілер жүйесі екендігін және оның ұлттың салт-дәстүр ерекшеліктерінен тұратындығын дәлелдесе (Формановская, 1989: 90), қырғызстандық зерттеуші П.К. Қадырбекованың этикетті халықтың мәдениетімен, менталитетімен және дәстүрімен бірге қалыптасқан тілдік қатынас формасы тұрғысында болатындығын атап өткен (Қадырбекова, 2008: 64). Қазақстандық ғалым З.К. Сабитова ұлттық этикет сипатының сол қоғамда қабылданған ережелері мен нормаларына байланыстылығын жан-жақты қарастыра отырып, зерттеу жүргізген

(Сабитова, 2012: 19). Ал, американдық ғалым-зерттеушілер Э.Сепир мен Б.Уорф адамдардың ой-өрісінің сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқандығын тұжырымдап, өз пікірлерін білдірсе (Ахатова, 2006: 132), қытайлық зерттеуші Ся Чжыцяньнің (夏志强) (Xia Zhiqiang, 2017: 27-28) этикетті мәдени жетістіктің және қарым-қатынас дағдыларының сыртқы көрінісі екендігін және сол елдің әлеуметтік өркениетінің, адамгершілігі мен тұрмыс-тіршілігінің көрінісі екендігін айқындаған. Қытай тіліндегі «Этикет кітабының» авторы Тянь Сяона (田晓哪) этикетті «өнер» ретінде қарастырған (Tian Xiaona, 2021:371-372).

Нәтижелер және талқылау

Халықтың даму тарихындағы жинақталған тәжірибелер мен оқиғалар, адамдардың қарым-қатынасы мен ұлттық мінез-құлқының көрінісі – *даналық сөздер – 名言 / míngyán* мен *мақал-мәтелдер – 俗话 / sùhuà*, *идиомалар – 成语/ chéngyǔ* мен *афоризмдер – 格言 / géyán*. Этикет тақырыбындағы әдептілік пен ізеттілікке, адамгершілікке негізделген мақал-мәтелдер мен ұлы ойшылдардың даналық сөздері, ұлт болмысы мен менталитетін, қоғам тұрмысы мен тіршілігін айқын суреттейді.

Этикет ұғымы – (*француз тілінде etiquette – заттаңба немесе этикетка*) – адамдарға деген көзқарастың сыртқы көрінісіне қатысты мінез-құлық ережелерінің жиынтығы «*басқа адамдармен танысу, қарым-қатынас және сәлемдесу формалары, қоғамдық орындардағы мінез-құлығы, әдеби, киім киісі т.б.*» (Байбурин, Топорков, 1990: 3).

Этикет – қай тілде болмасын, ұлт мәдениеті мен әдет-ғұрыптары мен менталитетінен, сол мемлекет қоғамында қалыптасқан қарым-қатынас заңдылықтары мен тарихи дамуынан, тұрмыс-тіршілігінен пайда болған. Тарихи дамуы бойынша Қытай этикет эволюциясы алты кезеңнен өткен. Олар:

1. *Пайда болу кезеңі немесе алғашқы кезең;*
2. *Қалыптасу кезеңі;*
3. *Даму және трансформация кезеңі;*
4. *Күшею және құлдырау кезеңі;*
5. *Заманауи этикет кезеңі;*
6. *Жаңа заман этикеті кезеңі.*

1. *Пайда болу кезеңі немесе алғашқы кезең.* Б.з.д. ХХІ ғасырда алғашқы қоғамдық құрылыстың ортаңғы және кейінгі қоғамында пайда болды. Бұл кезеңде адамдар бірте-бірте өркениетке қадам басып, топта ұйымдасып қызмет атқара бастады (*діни этикет пен құрбандық шалу әдебінде*) және этикет протатипінің қалыптасуына ықпалын тигізді. Бұл кезде қоғамда адамдардың жоғары мен төмен, үлкен мен кіші, ер мен әйел арасындағы айырмашылықтары байқалды. Ал, отыру тәртібі бойынша, жасы үлкен кісілер жоғарыда, жасы кішілер төменде, ерлер сол жақта, ал әйел адамдар оң жақта орын алуы да осы кезде орын алды.

2. *Қалыптасу кезеңі.* Б.з.д. ХХІ ғ.- б.з.д.771ж. Ся, Шан және Батыс Чжоу кезеңдері этикеттің қалыптасу кезеңі болды. Бұл кезеңде Чжоу патшалығының бес ғұрпының (*құт-береке, жаман әдет-ғұрып, әскери салт-жоралар, қонақ күту әдебі мен салтанатты рәсімдер*) орнығуы дәстүрін қалыптастырды. Осы кезде *құрбандық шалу, жерлеу рәсімдері, әскери иеру өткізу, қонақ күту, императорлар мен патшалардың кездесуі, ас беру, мерекелік сыйлық ұсыну* секілді дәстүрлер пайда бола бастады.

3. *Даму және трансформация кезеңі.* Көктем мен күз және күресуші патшалықтар кезеңінде (б.з.д. 771ж. – б.з.д. 221 ж) этикеттің дамып, өзгеріске ұшырау кезеңі. Бұл кезеңде Чжоу әулетінің дәстүрлі ғұрыптық жүйесі «салт пен музыканың күйреуі» жағдайында пайда болды. Чжоу династиясы кезінде жаңа рәсімдер теориясы ұлы ойшылдар Конфуций, Мэн-цзы, Сюн-цзы ықпалымен дамып, жаңарып отырды.

4. *Күшею және құлдырау кезеңі.* Цинь мен Хань дәуірінен Цинь патшалығының соңына дейінгі кезең (б.з.д. 221 – 1911 жж.) этикеттің күшею және құлдырау кезеңі болды. Бұл кезеңнің басында император мен министрдің, күйеу мен әйелдің, әке мен баланың, құдай мен адамның қарым-қатынасы нығая бастады. Ал, Цинь династиясының күйреп, Батыс этикетінің енгізілуіне орай, ежелгі Қытай этикеті құлдырай бастады.

5. *Заманауи этикет кезеңі.* 1911 жылғы революция кезеңінен 1949 жылғы Қытайдың құрылуына дейінгі кезеңде көне дәстүр жойылып, жаңа ресми этикет пайда болды. Бұл кезде ескі рәсім жойылып, жаңа этикет бекітілді және Қытайда ресми түрде заманауи этикет шымылдығы ашылып, қол алысу рәсімі танымал бола бастады.

6. *Жаңа заман этикеті кезеңі.* Жаңа Қытайдың негізі қалануынан бастап қазіргі этикет кезеңі болып табылады. Бұл – Қытайда әдептіліктің толық қалыптасып, заманауи этикеттің барлық түрлері бірте-бірте қалыпқа келтіріліп, дамуға бейімделген кезеңі болып есептелді (Chen Ge, Ou Dan, 2016: 3).

Көптеген ғалымдар сөйлеу формасының коммуниканттардың ресми және бейресми ортада қарым-қатынас жасауға бағытталған байланыс түрі екендігін дәлелдесе, кейбір зерттеушілер этикетті қолдану барысында ұлт дәстүрі міндетті түрде сақталуы тиіс деп қорытындылаған. Ал, біз этикеттің ұлттық дәстүр, менталитет пен құндылықтарды сақтай отырып, сыпайы қарым-қатынас әдебін жүзеге асыру қажет екендігіне көз жеткізуіміз қажет. Себебі, адам дүниеге келіп, өз ортасынан тәрбие алғанда өмір сүріп отырған қоғам болмысын бойына сіңіреді. Бұл дегеніміз, әрбір адамның туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігінің көрінісі болып табылады. Екіншіден, коммуниканттар байланысқа түскенде сөйлеу мәдениетіне міндетті түрде көңіл бөлуі тиіс. Өйткені, сөйлеу әдебі – адам бойындағы сыпайылық, тәрбиелілік секілді адамның сыртқы көрінісін сипаттайды. Осыған орай, біз сыпайылық, инабаттылық, әдептілік қасиеттерін ұлттың даму тарихымен сабақтасуы арқылы жаңа бір дәстүр туындыларының пайда болуына көз жеткізе аламыз.

Мақал – ғасырлар бойы дамып келе жатқан халық ауызекі тілінің рухани мұрасы, алтын қазынасы. А.Байтұрсынов мақалды – «өмірдегі түрлі құбылысты, әрекеттерді түйіп, ықшамдап беріп, соны бір-екі тармақ сөзбен пайымдап, белгілі ой айтатын халықтық бейнелі поэтик, жанрдың бір түрі» – деп суреттесе, алаш зиялыларының бірі Ахмет Баржақсин – «Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмыстарына дұрыс жол көрсеткендіктен сүйкімді болып көп тараған. Мақал мен мәтелде пікір сонша тез айтылған, өлеңнен сөзді алып тастау қандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау сондай қиын. Бұларда артық сөз болмайды. Мақал турасында әр халық әртүрлі сөйлейді, қытайлар – «*бұрынғы данышпандардан қалған өсиет*», ал, қазақтар «*шаригат – ағыл жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ*» деп сипаттағанын атап өткен (Ойсылбай, 2015: 126). Қазақ және қытай тілдеріндегі «*этикет*» немесе «*сыпайылық*» тақырыбындағы қанатты сөздер сол елдердің ішкі факторларымен тығыз байланысты. Осыған орай, олардың этнолингвистикалық сипаты да әртүрлі.

Пекин университетінің ғалымы Гу Юегуо (顾曰国/Gu Yueguo) британдық ғалым Дж.Личтын ұсынған сыпайылық критерийлерін басшылыққа ала отырып, Қытай мәдениетіне тән бес сыпайылық критерийлерін сараптады. Атап айтсақ:

1. *Тұлғаның өзін қарапайым ұстауы және өзгелерді құрметтеуі;*
2. *Жас пен кәрі немесе басшы мен бағынышты арасындағы сыпайылық;*
3. *Эвфемизм – тәрбиелік пен сыпайылықтың маңызды элементі;*
4. *Ортақ тіл табысу және өзара түсінісу;*
5. *Сөз бен ізгіліктің бірізділігі. (Xiong Jingyu, 2012: 10)*

Гу Юегуо принциптері қоғамдағы адамдарды бір-бірімен қарым-қатынасының сыпайылық пен тілдік этикетпен өзара үйлесімділігі болған кезде ғана толыққанды тәрбиеге қол жеткізу мүмкіндігінің болатындығын сипаттайды. Ғалымның пікірінше, этикеттік коммуникация адамгершілікке негізделеді. Егер сұхбат сыпайы түрде жүзеге асырылмаса, сұхбаттасушы туралы жаман пікір қалыптасуы ықтимал.

Қытай рухани өркениеті өте ертеде пайда болған және әлі күнге дейін қоғамның кез келген саласының дамуына үлкен әсерін тигізуде. Ежелгі отбасын, елді басқару негіздері, үлкенге құрмет, кішіге ізет принциптері бүгінгі күнге дейін жетіп, Қытай мемлекетінің ұстанымына айналып отыр. Халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары көптеген өмірлік философияны, ұрпақ тәжірибесі мен тағылымдамасынан жинақталып, ұлттың психологиясының қалыптасуына ықпал етуде. Адамдар қытай әдет-ғұрыптары *Сяда* (夏) басталып, *Шаньда* (商) дамып, *Чжоуда* (周) аяқталды деп жорамалдаған. Оның мазмұнына саяси, әскери, білім, неке т.б. ережелер қамтылған және құл иеленуші қоғамның мыңдаған жылдарға дейін жалғасын тауып отырған

әлеуметтік-моралдық жүйесіне айналып отыр (Cheng Songcen 2019: 2). Қытай – адамдардың өзара қарым-қатынасының сыпайылығын бәрінен жоғары қойған және оған ежелден мән берген мемлекет. Адамдардың бір-біріне ізеттілігі, кішіпейілділігі мен сөйлеу әдебінің дұрыс қалыптасуының әсерінен қоғамда «сыйластық» принципі қалыптасады. Қазақ және қытай халқы сөйлеу әдебінің үлгісі ретінде даналық сөздерге ежелден мән берген. Қазақ және қытай қоғамдарында мақалдар мен даналық сөздер сол халық қоғамының тұрмысына байланысты сипатталған. Алайда, көздеген мақсаты бір.

Қытайдың ежелгі тарихында – «言为心声 / yán wéi xīn shēng / сөз – жүрек үні» даналық сөзі пайда болған. Қытайлықтардың пікірінше, тіл тек адамзаттың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, адамның ішкі жан дүниесінің айнасы болып табылады. Яғни, тіл – ұлттың және мемлекеттің қоғамдық дәстүрі мен рухани дүниетанымының айнасы. Ұлы қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлы «тіл жүректің айтқанына көнсе – жалған шықпайды» деген даналық сөзі арқылы адамның жүрегінің үні ғана жан-дүниесінің сезімін ұқтыра алатынын жеткізе білген. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ежелгі қоғам дәстүрі этика-рәсім принциптеріне негізделген. Адамдар арасындағы коммуникация үйлесімділігін арттыру үшін тілдік қарым-қатынас кодексі мен критерийлерін ұстану қажет. Себебі, коммуникация барысында жүрегі таза адам сұхбаттасушылармен де достық қарым-қатынас жасайды.

Әрбір қоғамдағы алғыс айту этикеті сыйластыққа негізделген тілдік әдеп ретінде немесе бір адамның екінші адамға білдірген ризашылығы мен рахметін айту немесе жақсы тілегін білдіру әдебі. Берілген этикет әр халықтың дәстүрінде кездеседі және әр түрлі ортада – отбасында, қызметте, құрбы-құрдас, дос-жаран, туған-туыс, үлкен мен кіші т.б. коммуниканттардың арасында қолданылады. Адамдар біреуге жақсылық жасаған немесе қол ұшын тигізген кезде алғысқа бөленеді, ал, көмек алған адам өз ризашылығын білдіріп, ақ тілегін жаудырады. Қазақ халқында «алғыс алған адам құрмет пен қошеметке ие болып, бақытты өмір сүреді» – деген ұғым бар. Қазақ халқының алғыс айту әдебі шын көңілден шыққан жүрекжарды тілектер болып келеді. Этнолингвистикалық зерттеу жүргізу мәселелерін қарастыру барысында кей кездері алғыс айтудың батамен тең екендігіне көз жеткізе аламыз. Алайда, жасаған жақсылығына орай, батаны ақ дастарқан басында көпті көрген, абыз ақсақалдар мен көнекөз қариялар беріп, лебіздерін білдіреді. Ал, бата мағынасы үлкендерді сыйлау мен қазақ қонақжайлығымен байланысты. Қытай тілінде алғыс айту әдебін – «感恩是精神上的一种宝藏 / gǎnēn shì jīngshén shàng de yī zhǒng bǎozàng / алғыс – рухани қазына» – деп рухани құндылыққа теңесе, қазақ халқы – «алтын алма, алғыс ал: алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы» – деп, алтыннан да қымбат, баға жетпес байлық пен қазынаға теңеген. Кез келген ортада коммуниканттар алғысты ресми және бейресми қарым-қатынас түрлерінде жүзеге асырады. Яғни, қоғамдағы адресанттың адресаттың көрсеткен көмегіне, жасаған жақсылығына, түсіністік көрсеткендігіне, көңіл бөлуіне, қолғабыс көрсеткені үшін т.б. шынайы ризашылық білдіріп, тағзым етуі немесе істеген жұмыс нәтижесіне оң баға беру әдебі ретінде қарастырады.

Қоғамдағы этикет тақырыбының пайда болуы адамдардың қоғамдағы «бірін-бірі сыйлау» моральдық принциптеріне негізделген. Себебі, сыпайылық ұғымынсыз адамдардың бір-бірімен тілдесіп, байланыс орнатуын елестету мүмкін емес. Сыйластықтың қолданылу аясы өте кең және ауқымды. Қытайда Конфуций ұстанымын, яғни, әке мен бала, ұстаз бен оқушы, билік пен халық арасындағы сыйластық қарым-қатынасты әлі күнге дейін өмірлік ұстанымы ретінде қолданса, қазақ халқы дәстүрі бойынша, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету әдебі ежелгі қазақтың жазылмаған ата-баба дәстүрінің ережелеріне негізделген. Үлкен кісілер болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, өсиет қалдыру, ізеттілікке тәрбиелеу принциптерін ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдыруда.

Адамдар ерте кезден-ақ өздерін басқаратын тылсым күштің, яғни құдай мен жын-шайтандардың, аруақтардың бар екендігіне сенген және тәңірге сыйынған. Сонымен қатар, олар өз ұрпақтарының болашағы үшін құрбандық шалып отыратындығын қытайлықтардың аруақтарға байланысты «礼立于敬而源于祭 / lǐ lì yú jìng ér yuányú jì», яғни, «рәсім құрметке негізделген және құрбандық шалудан бастау алады» деген ұғымға сенгендігінен байқауға болады. Бұл дегеніміз қазақтың – «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөзімен мағыналас. Себебі, ата-баба аруағын

кастерлеу – үлкендерді, ата-тегімізді сыйлау. Бұдан біз қазақ және қытай халықтарының сыйластық пен тәрбиені биік қойып, баланың ата-ананы құрметтеу әдебін көре аламыз. Ал, ата-баба рухына сыйынып, тәңірге бағыну – ұлттық діл мен дін, дәстүр мен этикет сипатының бірден-бір көрінісі. Аталған дәстүр ежелден қазақ және қытай халықтарының салт-санасына сіңе және әдет-ғұрпына айнала отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Қазақтар мен қытайлықтардың қонақ күту әдебіне көзқарасы ерекше. Қытай халқының қазақтардың «дала этикеті» салтынан айырмашылығы – басқа ұстанымдармен қатар, қонақ күту барысында да Конфуций мәдениетін ұстануы. Ал, ұлы философ ілімінің басты мақсаты – моральдық және адамгершілік қасиеттерді дәріптеу. Алайда, қытайлықтардың қонақтарды мұқият тыңдап, көңілін аулай отырып, олардан өзіне қызықты ақпарат алуға тырысатын қасиеттері де жоқ емес. Қытайлықтардың әдеп сақтау дәстүрі адамдардың жеке мансабын, өзін-өзі дамытудың, қоғаммен тіл табысудың мәдени жетістіктерге жетудің басты жолы деп санайды. Қазақтар ежелден үй иесі қонақтарды бір-бірінен бөліп, түр-түсіне және лауазымына қарамай сыйлап жібереді. Қытай халқында қонаққа байланысты «入乡随俗/ rù xiāng suí sú» мақалының мағынасы қазақтың «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» мақалының баламасы іспеттес. Яғни, біз екі халық туындыларының пайда болу тарихы әртүрлі болғанымен, өмірге деген тұжырымдамасы көзқарасы мен көздеген мақсатының бір екенін көре аламыз. Үйге келген қонақтың «қойдан жуас» болып келу қажеттілігі, «шаңыраққа қарап сөйлеуі» мен сол елдің қалыптасқан салтына мойынсынуының айғағы да осының дәлелі.

Қазақ және қытай халықтары *этикет* ұғымына ерте кезден үлкен мән берген және оны қоғамның өмір сүру принципіне негіздеген. *Этикет* сөзі – сыйластықпен, ізеттілікпен және құрметпен тығыз байланысты. Мысалы, қытай тіліндегі «敬为入德之门, 傲为聚恶之府 / jìng wéi rù dé zhī mén, ào wéi jù è zhī fǔ / құрмет – ізгіліктің есігі, ал, тәкаппарлық – зұлымдықтың жиналатын жері» мақалының мағынасы қазақ тіліндегі «өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің» немесе «әркім сыйлағанның құлы» даналық сөздерінің мағынасына сәйкес келеді. Қазақ және қытай халықтары осы мақалдар арқылы адамдардың бір-біріне деген құрметі, кішіпейілділігі мен мәдениеттілігі болған жерде сыйластық пен үйлесімділік орнайтынын жеткізе білген. Адамның бір-біріне көрсеткен кішіпейілділігі іс жүзінде ғана емес, коммуникация барысында да көрініс табады. Ал, қазақ халқының «жылы киім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар» деген мақал мағыналары қытай тіліндегі «良言 一句三冬暖, 恶语伤人六月寒/ liángyán yī jù sāndōng nuǎn, èyǔ shāngrén liùyuè hán / жақсы сөз қыста да жылытады, жаман сөз маусым айында да жарақаттайды» немесе қытайдың «善言不可离口, 善药不可离手/ shànyán bùkě lí kǒu , shàn yào bùkě lí shǒu / жақсы сөзді аузыңнан, жақсы дәріні қолыңнан айыру мүмкін емес» қанатты сөзінің қазақтың «жақсы сөз жанға дауа» немесе «жақсы сөз – жарым ырыс» мақалымен мағыналас.

Коммуниканттар тілдік байланысқа түсу барысында жылы да мейірімге толы сөздерді тыңдағанды және диалог нәтижесінде достық, серіктестік қарым-қатынас орнатқаны абзал. Мәселен, қытайлықтардың «投我以桃, 报之以李 / tóu wǒ yǐ táo , bào zhī yǐ lǐ / біреу маған шабдалы берсе, мен оны қара өрікпен өтеймін» даналық сөзі – қазақтың «сыйға сый, сыраға бал», «алтын алма, алғыс ал: алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы» мақалдарының мағынасы іспеттес. Бұл жердегі қазақ даналық сөзіндегі алғыс – батамен тең. Қазақ халқының қытайлықтардан айырмашылығы, қазақтар ежелден өскелең ұрпақты – «жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» – деген ұлт дәстүріне тән қасиетті сөзбен тәрбиелеген. Себебі, жоғарыда атап өткендей, қазақ халқының салтындағы батаның алатын орны ерекше екендігі айқын.

Қазақ және қытай халықтары көршімен жылы, достық қарым-қатынас орнатуды бір-біріне арқа сүйеуді, қиын жағдайда қолдау көрсетіп сыйласуды көздеген халық. Қазақ халқы өз ұрпағын көршімен тату болуға, жатсынбай, сөзге келмей, бір үзім нанды бөліп жеуге тәрбиелеген. Осыған орай, қазақ халқы «алыстағы туысыңнан жақыныңдағы көршің артық» немесе «көрші ақысы тәңір ақысы» деп өсиет қалдырса, қытайлықтар – «邻居好, 无价宝/ línjū hǎo, wú jiàbǎo / жақсы көрші баға жетпес қазына» немесе «得好乡邻胜过亲/ dé hǎo xiānglín shèngguò qīn / туысыңнан көршің артық» деп атап өткен. Ал, қытайдың «与人方便, 自己方便/

yǐ rén fāng biàn , zì jǐ fāng biàn / өзгеге жақсы жағдай жасасаңыз, өзіңізге де ыңғайлы болады» яғни, өзге адамдарға көмектессеңіз, сізге де басқаның көмегі тиеді деген мағынада қолданылатын мақалы қазақтың «елге қылған жақсылық еленбей қалмайды, еңбек еткен ерінбей кенелмей қалмайды» даналық сөзінің айнасы іспеттес.

Жоғарыда атап өткендей, қазақ және қытай халықтары сыпайылық пен сыйластыққа ерекше мән берген. Қытайда қоғам мүшелерінің жақсы мен жаманға, сұлулық пен өрескелдікке көзқарасы, сыртқы келбеті мен жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнерінің этикетке сәйкес болуы қалыпты жағдай. Адамның сыртқы пішіні мен ішкі жан-дүниесінің үйлесімділігі сол елдің рәсімдеріне сәйкес болуы тиіс. Мысалы, қытайдың ұлы ойшылы Сюн Цзы (孙子/ Sunzi) – адамдардың әдепсіз өмір сүре алмайтындығын және қоғам мүшелерінің бір-бірімен сыпайылық әдебін сақтап қарым-қатынас жасауы жоғары үйлесімділіктің негізі екендігін, этикетті ұстану арқылы адамзат әдебінің деңгейін көтеруге болатындығын дәлелдеген.

Этикет – коммуниканттар қарым-қатынасының визиттік карточкасы. Себебі, жақсы мінез бен ішкі жан-дүниесінің шынайылығы және сол елде қалыптасқан дәстүрге сүйену арқылы ғана этикеттік қарым-қатынасты орнатып, адамдардың жүрегіне жол табуға болады. Яғни, жақсы сөз жанға ем, дауа ретінде қолданылады. Ежелгі Тан династиясының дәстүрлі диетотерапиясының негізін салушы Мэн Шэнь кішкентай кезінен медицина саласына қызығушылық танытып, Қытайдың бірінші, тәжірибелі дәрігері ретінде өшпес із қалдырған. Медицина саласында қызмет қылған дәрігер күн сайын «善言不可离口, 善药不可离手/ shànyán bùkě lí kǒu, shàn yào bùkě lí shǒu / жақсы сөзді аузыңнан, жақсы дәріні қолыңнан айыруға болмайды» даналық сөзін айтуды тоқтатпаған. Яғни, «жақсы сөз жараны да жазады», «жақсы сөз жанға дауа» немесе «жақсы сөз – жарым ырыс», «жылы киім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар» деген мақал мағыналары қытай тіліндегі «良言一句三冬暖, 恶语伤人六月寒/ liángyán yī jù sāndōng nuǎn, èyǔ shāngrén liùyuè hán / жақсы сөз қыста да жылытады, жаман сөз маусым айында да жаракаттайды» немесе қытайдың «善言不可离口, 善药不可离手/ shànyán bùkě lí kǒu, shàn yào bùkě lí shǒu / жақсы сөзді аузыңнан, жақсы дәріні қолыңнан айыруға болмайды» қанатты сөзінің мағынасымен салыстыруға болады. Берілген сөздің шығу тарихы адамдардың қарым-қатынастағы жылы сөзі дәрідей ем немесе ауадай қажет екендігінің көрінісі.

Этикет – үш аспектіден, яғни, адамның сыртқы келбеті, сыпайылығы және сөйлеу әдебінен құралған. Қытай халқы үшін Конфуцийдің даналық сөздері әлі күнге дейін өмірлік ұстанымы ретінде қабылданады. Философтың пікірінше, адам шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Сонымен қатар, өзара сүйіспеншілік арқылы қарым-қатынас орнату конфуцийшілдік әдептілік ілімінің өзекті ұғымы. Қытай қоғамында әдепке, сыпайылыққа, тәрбиелікке байланысты мақал-мәтелдердің адам өміріндегі орны ерекше. Мысалы, «礼貌对于人性, 犹如热力之对于蜡烛 / lǐmào duìyú rénxìng, yóurú rèlì zhī duìyú làzhú / сыпайылық – адам табиғатына жылудың шыраққа қатынасы сияқты қажет» мақалы қазіргі қоғамдағы этикеттің ауадай қажеттілігінің дәлелі. Ал, «礼节是所有规范中最微笑却最稳定的规范 / lǐjié shì suǒyǒu guīfàn zhōng zuì wēixiǎo què zuì wěndìng de guīfàn / этикет – барлық нормалардың ішіндегі ең киісі, бірақ ең тұрақтысы» немесе «礼貌周全不花钱, 却比什么都值钱 / lǐmào zhōuquán bù huāqián, què bǐ shénmedōu zhíqián / ұқыптылық – ақша талап етпейді, бірақ, бәрінен де қымбат» қанатты сөздері – коммуниканттардың жанұяда, қызметте, қоғамдық ортада этикет ережелері мен кодексін сақтауы керек екендігін көрсетеді, яғни, ол тұлғааралық қарым-қатынаста адамдардың өзін-өзі ұстау тәртіптері мен мінез-құлқын реттейді. Қытай тіліндегі «礼貌使用礼貌的人喜悦 / lǐmào shǐyòng lǐmào de rén xǐyuè / әдептіге әдептілік ұнайды» немесе «礼貌是有教养的人的第二个太阳 / lǐmào shì yǒujiàoyǎngde rén de dìèrgè tàiyáng / әдептілік – білімді адамның екінші шуағы» даналық сөзі – адамдардың жан-жағына мейірімділікпен қарап, жылы сөз сөйлеуі арқылы сыпайылық стандартына назар аударып, жақсы қарым-қатынас орнату мүмкіншілігін айқындайды.

Қазақ және қытай халықтарының отбасылық қарым-қатынасқа байланысты мақал-мәтелдері мен даналық сөздері ертеден қалыптасқан ұлттық болмыс пен тәлім-тәрбиеге негізделген. Отбасындағы адамдардың сыпайылық қарым-қатынасы ерлі-зайыптылар, ата-ана мен бала-шаға және бауырлар арасындағы дәстүр шеңберінде орнатылған. Қытайда отбасындағы отағасы мен отанасының бірін-бірі атауы да ерекше. Мысалы, әйелді «妻子 / qīzi» деп атау формалды және

сыйласу мағынасын білдіреді. «太太 / tàitai» ағылшын тіліндегі «миссис» мағынасымен бірдей. Ауызекі тілдегі «老婆 / lǎo pō» сөзінің мағынасы жақын араласатын адамдардың арасында немесе әйелінің өзіне қолданылады. Ал, «丈夫 / zhàngfū» күйеуі деген мағынаны, «先生 / xiānsheng» «мырза» немесе «мистер» деген сөзді білдіреді. Сонымен қатар, «老公 / lǎogōng» сөзі жақын адамдардың арасында немесе өзіне қатыстырып қолданады. Қазақ отбасында әйелі ерін отағасы, әкесі деп құрмет көрсетсе, ері әйелін отанасы, анасы деп сый көрсеткен немесе екеуіне де ортақ «жан-жарым» сөзін қолданады. Ерлі-зайыптылар сыйластығына байланысты – «内睦者，家道昌 / nèimùzhě jiādào chāng / ынтымағы жарасқанның шаңырағы берекелі», «男人无妻家无主，女人无夫家无梁 / nánrén wú qī jiā wúzhǔ , nǚrén wú fū jiā wú liáng / әйелсіз еркек қожайынсыз үймен тең, күйеусіз әйел ағашсыз үймен тең» мақалдары отбасындағы ерлі-зайыпты адамдардың бір-бірінсіз өмірлерінің мәні болмауының дәлелі. Қытай тіліндегі «家和万事兴 / jiā hé wànshì xīng / жанұядағы үйлесімділік барлық бастамаларды реттейді» даналық сөзі жанұядағы өзара сыйластық арқылы кез келген мәселені шешуге болатындығының дәлелі.

Бауырлар арасындағы сыйластық – ағайындар арасындағы достық пен ынтымақтың, татулық пен жақындықтың көрінісі. Қазақ және қытай халықтары ағайынның ауызбірлігі сол әулеттің беделін арттырып, қуанышы мен қайғысын бөлісіп отырған. Отбасындағы бауырлар сыйластығы дәстүрін дәріптеу, жанашырлық, кішіпейілділік білдіру және қадірлеу – ежелден жалғасып келе жатқан үрдіс. «兄弟顿和睦，朋友笃信诚 / xiōngdì dùn hé mù , péngyou dǔxìn chéng / ағалары жарасымды, достары адал, шыншыл», «兄弟协力山成玉，父子同心土变金 / xiōngdì xié lì shān chéng yǔ fùzǐ tóng xīntǔ biàn jīn / егер де ағайындылардың күші бір болса, тау нефритке, ал әке мен баланың жүрегі бір болса, жер алтынға айналады» деп туыстық қатынасты баға жетпес асыл тастарға теңейді. Қытай философиясы деректері бойынша, нефрит бұйымының мөлдірлігі мен мінсіздігі адамның талғампаздығын бейнелеп, «әдемілік» пен «адамгершілік» символына айналған (喻东 / Yù Dōng, 钟芳 / Zhōng Fāng, 林小凌 / Lín Xiǎolíng: 14). Отбасына қатысты ережелердің барлығы «家法 / jiāfǎ», яғни, «отбасылық заңды» қамтиды.

Қазақ және қытай қоғамындағы әке мен бала әдебі – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты реттеудің отбасылық нормасы. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций өмірдегі шынайы сыйластықты ежелгі қытай халқының дәстүрлі дүниетанымымен байланыстылығын көрсетеді. Ол өз ілімінде – «әке – әке орнында, бала – бала орнында болуы қажеттілігін» немесе, «парасатты ұлдың кез келген жағдайда әкесін сыйлауы тиіс екендігін» көрсетті. «太阳光大，父母恩人 / tàiyángguāng dà fùmǔ ēnrén / ата-ананың қайырымдылығы күн сәулесіндей», «夫恩比山高，母恩比还深 / fū ēn bǐ shān gāo , mǔ ēn bǐ hái shēn / әке махаббаты таудан да биік, ана махаббаты одан да күшті». Бұл – «父为子纲 / fù wéi zǐ gāng», яғни «әкеден балаға» принципі, сонымен қатар, отбасындағы бала мен әкенің қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Ал, Конфуцийдің «父母在，不远游 / fù mǔ zài bù yuǎn yóu / ата-анаң бар кезде алысқа шықпа» даналық сөзі баланың ата-анасын сыйлау әдебіне арналған. Берілген мақалда ұлы философ баланың ата-анасын сыйлауы және оларға қолынан келгенше құрмет көрсетіп көмектесуі қажет екендігін түсіндірген. Қытай тіліндегі «要知父母恩，怀礼抱而孙 / yào zhī fùmǔ ēn , huái lǐ bào ér sūn / ата-анаңның қадірін білгің келсе, ұрпағыңмен бірге өмір сүр» мақалы – ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ал, «一个父亲胜过一百个老师 / yīgè fùqīn shèngguò yībǎigè lǎoshī / бір әке жүз мұғалімге татиды» мақалы қазақ халқының «әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» мағынасына ұқсас. «一个父亲能管好一百个儿子，而一百个儿子却难管一个父亲 / yīgè fùqīn néng guǎnhǎo yībǎigè érzi , ěryī yībǎigè érzi què nánguǎn yīgè fùqīn / бір әке жүз ұлды басқарса да, жүз ұл бір әкені басқара алмайды», ал, «爷娘情儿女，好比长江水 / yéniáng qíng ěr nǚ , hǎobǐ chángjiāng shuǐ / ата-ананың баласына құрметі – Яңзы өзеніне деген құрметіндей» деп Қытайдың ең үлкен өзеніне деген құрметін бейнелейді. Себебі, Яңзы дүние жүзіндегі үлкен өзендердің бірі. Сонымен қатар, бұл өзен Қытайдың 400 млн халқын сумен қамтамасыз ететін экономика, тарих және мәдениетінің қайнар көзі болып табылады. Қазақ және қытай тілдерінде берілген даналық сөздерінің пайда болуы сол елдердің даму тарихына байланысты екендігін көре аламыз.

Өз дәуірінің ойшылы болған Қорқыттың нақыл сөздері «*аталар сөзі*» деп те аталады. «*Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас. Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі. Дәулетті ұлың болғанша, ошағыңның қоры болар. Дәулетсіз ұл болса, атаның көрі болар. Ұлдың күні қараң, ата өліп, мал қалмаса. Ата малынан не пайда, баста дәулет болмаса*» – өнегелі сөзінің мағынасы адам өміріндегі ұрпақ тәрбиесінің алатын орнының ерекше екендігін көрсетеді (Ысқақов, 1994: 11). Мақал-мәтелге деген көзқарасын академик Ә.Қайдар: «этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы жетуі мүмкін. Бірақ, бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін. Әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осынша мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ» – деп сипаттаған (Сманова, Жиренов, Ибраева, Какимова, Берікбол, Небесаева, Бекболатова, 2020: 296).

Мақалдарды қарастыра отырып, қазақ және қытай халықтарының өз бойына сіңген принциптері мен заңдылықтарына сүйеніп пайда болғанын көре аламыз. Сонымен қатар, мақалдар қай тілге аударылса да жеткізбек ой мағынасының түп-нұсқасы өзгеріссіз берілуі тиістігіне көз жеткіздік.

Жалпы алғанда, сөйлеу этикетін зерттеудің мақсаты тілді және қоғамдағы адамдар арасындағы байланыс заңдылықтарын дұрыс қолдану, адам табиғатын жан-жақты түсіну. Этикет тілі белгілі бір қоғамдағы сөйлеу және іс-әрекет нормалары мен моральдық нормаларды бейнелеп қана қоймай, сол халықтың әдет-ғұрпы, ділі мен мәдениетіне, салты мен тұрмысына қатысты әдеттерге байланысты жүзеге асырылады. Коммуникативті жағдай кез келген ортада орнауы мүмкіндігіне байланысты сөйлеудің мақсаты мен деңгейі де әртүрлі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ және қытай халықтарының мақалдары ежелден қалыптастырылған. Мақалда діні мен ділі бөлек этностардың даналық сөздерінің бір-бірінен айырмашылығының ұлт тарихының, өмір сүру салты мен тұрмыс-тіршілігінің, рухани әлемі мен менталитетіне байланысты ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерделедік. Атап айтқанда, ұқсастықтары:

- ата-баба әруағын сыйлап қастерлеу, ата-тегінің рухына табыну, олардың атына құрбандық шалу әдебінің сақталуына байланысты;

- үлкенді сыйлау, ата-ана мен бала, басшы мен бағынышты, ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық қарым-қатынасынан туындаған мақалдар.

айырмашылықтары:

- алғыс айту этикеті қазақ және қытай халықтарында қолданылса, қазақтың алғыс айту әдебі түріне жататын бата беру салты тек қазақ халқының дәстүрінде кездесетіндігін көрсететін;

- қазақ және қытай сөйлеу этикетіндегі ізгілік пен қайырымдылық, сыпайылық пен сыйластық секілді адам бойындағы жақсы қасиеттерді сол этнос мекендейтін географиялық аймақтағы құндылықтарға (жер-су, бағалы және асыл тас) сәйкес қолданылатын даналық сөздер.

Алайда, екі халыққа ортақ ерекшелік – *этикет* тақырыбына байланысты айтпақ ойы мен көзқарасы философиялық ойының тобықтай түйінін тілдік бейнемен жеткізу. *Қазақ және қытай халықтарының этикет көрінісінің мақалдардағы орны жайлы деректерден аңғарғанымыз – екі елде де «үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету» және «сыпайылыққа» негізделген үрдісті жоғалтпау. Бұл дегеніміз – қос ұлт өкілдерінің ерте заманнан ақ сыпайылық әдебінің пайда болуын, қазіргі кезге дейін жоғалып кетпей біздің заманымызға жеткенін және әрі қарай да жалғасын табатындығын дәлелдейді.* Қай халық қай кезеңде өмір сүрсе де, даналық сөздерінде өз даму тарихы мен принциптерін ұстана отырып, ұлт психологиясын қалыптастырады, ата-баба өмір сүру тәжірибесінен қорытынды жасап, болашақ ұрпаққа жеткізу міндетіне жетелейді.

Әдебиеттер

Формановская Н.И. (1989) Чем богаты, тем и рады. Вы сказали: «Здравствуйте!» (Речевой этикет в нашем общении). – Москва: Знание, – 1989. – 90 б.

- Қадырбекова П.К. (2008) Национально-культурная специфика речевого этикета в межкультурном сравнении // Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. Т.3(101). – 64 б.
- Сабитова З.К. (2012) Понятие о речевом поведении. Речевое поведение вчера и сегодня.–Алматы: Қазақ университеті. – 2012. – 19-20 бб.
- Ахатова Б.А. (2006) Межкультурное общение как онтология исследования языкового сознания // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). – Алматы, 2006. – 132 б.
- 夏志强 . (2021) 你的第一本 礼仪书 . – 江西: 美术出版社, 2021. – 27 б.
- 田晓娜. (1998) 礼仪全书 – 北京: 人民中国出版社, 1998. – 371 б.
- Байбурин А.К., Топорков А.Л. (1990) У истоков этикета. – Ленинград: Наука, 1990. – 5 б.
- 陈格, 欧丹. (2016) 日常交往礼仪. 社交礼仪. – 海: 上海交通大学出版社, 2016. – 3-4 бб.
- Ойсылбай А.Т. (2015) Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы» қазіргі әдебиет теориясы. Монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. – 126-127 бб.
- 熊经浴. (2012) 现代文明礼貌用于手册. – 北京: 金盾出版社, 2012. – 10-11 бб.
- 陈松岑. (2019) 礼貌语言. – 北京: 商务印书馆, 2019. – 2-3 бб.
- 喻东, 钟芳, 林小凌. (2004) 中国文化. – 中國數字文化集團有限公司, 2004. –14-15 бб.
- Қорқыт Ата кітабы. (1994) Түрік тілінен ауд. Б.Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 11 б.
- Сманова А.С., Жиренов С.А., Ибраева К.Е., Какимова Л.Ш., Берікбол Р.Р., Небесаева Ж.О., Бекболатова Қ.М. (2020) Көркем білім берудегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың өркендеуі. Ұжымдық монография. Алматы, 2020. – 296-297 бб.

References

- Formanovskaya N.I. (1989) Chem bogaty, tem i rady. Vy skazali: «Zdravstvuite!» (Rechevoi etiket v nashem obshenii) [The richer they are, the happier they are. You said: «Hello!» (Speech etiquette in our communication)]. – Moskva: Znanie, – 90 p. (in Russian)
- Kadyrbekova P.K. (2008) Nacionalno-kulturnaya specifika rechevogo etiketa v mezhkulturnom sravnenii [National-cultural specifics of speech etiquette in cross-cultural comparison]. – Almaty: KazNU Bulletin Philology series. –Т.3(101). – 64 p. (in Russian)
- Sabitova Z.K. (2012) Ponyatie o rechevom povedenii. Rechevoye povedenie vchera i segodnya. [The concept of speech behavior. Speech behavior yesterday and today]. Almaty: Kazakh University. – pp.19-20 (in Russian)
- Ahatova B.A. (2006) Mezhhkulturnoye obchenie kak ontologiya issledovaniya yazikovogo soznaniya [Intercultural communication as an ontology of linguistic consciousness research]. – Almaty.132 p. (in Kazakh)
- Xia Zhiqiang. (2017) Nide di yi ben liyi shu [Your first etiquette book]. – Jiangxi: Meishu chubanshe. pp.27-28 (in China)
- Tian Xiaona (2021) Liyi quan shu [The book of etiquette] Beijing: Renmin Zhongguo chubanshe. pp. 371-372 (in China)
- Baiburin A.K., Toporkov A.L. (1990) U istokov etiketa [At the origins of eyiquette]. – Leningrad: Nauka. (in Russian)
- Chen G., Ou D. (2016). Ri chang jiaowang liyi. Shejiao liyi [Daily communication etiquette. Social etiquette]. Pp.3-4 (in China)
- Oisylbai A.T. (2015) Akhmet Baitursinuly: «Adebiet tanytkishtagy» kazyrgi adebiet teoryasi [Akhmet Baitursinuly: the theory of modern literature in the «literary genre»]. – Almaty: «Eltanym baspasy», – pp.126-127 (in Kazakh)
- Xiong Jingyu. (2012) Xiandai wenming limao yongyu shouce [Handbook of Modern Civilization and Politeness]. – Beijing: Jindun chubanshe. pp.10 (in China)
- Cheng Songcen. (2019) Limao yuyan [Polite language]. – Beijing: Shangwu yinshuguan, –pp.2-3 (in China)
- Yu dong, Zhong fang, Lin Xiaoling. (2004) Zhongguo wenhua [Chinese culture]. Zhongguo shuzi wenhua jituan youxian gongsi, – p.14 (in China)
- Korkyt ata kitaby [Korkyt ata book] (1994) Translated from Turkish by B.Iskakov. – Almaty: Zhazushi, – 11 p. (in Kazakh)
- Smanova A.S., Zhirenov S.A., Ybrayeva K.E., Kakimova L.Sh., Berikbol R.R., Nebesaeva Zh.O., Bekbolatova K.M. (2020) Korkem bilim berudegi ulttyk sana men madeni kundyliktardyn orkendeui [The flourishing of national consciousness and cultural values in art education]. Uzhyndyk monographya. Almaty, – pp.296-297 (in Kazakh)